

**Панфилов ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

*Күші жойған*

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 7-7-39 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 14 шілдеде № 23495 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 8-26-117 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 10.07.2024 № 8-26-117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 509-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Панфилов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Панфилов ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Панфилов аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы*

*А. Дарубаева*

*Панфилов аудандық мәслихатының  
хатшысы*

*Е. Шокпаров*